

Надыров Ш., Мылкайдаров А.

**Еуроазиялық экономикалық одақ жүйесіндегі Қазақстан: мүмкіндіктері мен тәуекелділігі**

Мақалада орасан зор табиғи ресурстарға бай Еуроазиялық Экономикалық Одақтың (ЕАЭО), ірі өндірістік ғылыми және технологиялық әлеуетке ие ТМД кеңістігінде аса ірі біртұтас нарықты қалыптастыру үдерісі қарастырылады. Осыған орай шаруашылық аралық байланыс құрылымдарындағы өзгерістер мен ғаламдық үдерістердің дамуын және өсу тенденциясын ескеру арқылы Қазақстанның ЕАЭО жүйесіндегі орны анықталады. Осыны негізге ала отырып, жаңа әдіснама мен зерттеу әдістерін әзірлеу негізінде кеңістіктік парадигма қалыптастыру өзекті болып табылады. Мақалада мұндай парадигма әзірлеу қажеттілігі негізделеді, ол постиндустриялық елдер стандарттарына сәйкес болуы тиіс және өңірлік қала аумағы мен әлеуетті агломерацияларды қайта жаңарту мен мүмкіндіктерін дамытуға негізделген болуы керек, сонымен қатар экономикалық интеграциялық үдерістерді жеделдетуге ЕАЭО елдері арасындағы өркениеттік және технологиялық алшақтық әзірше мүмкіндік бермейді, бірақ олар энергия тасымалдаушы бай ресурстарына және стратегиялық шикізаттарына сүйене отырып ЕАЭО серпінді әлеуметтік-экономикалық дамуды жасауға қабілетті кеңістіктік санаттарын еуроаймаққа ұқсас дамыту туралы әңгіме мемлекетаралық деңгейде жүруде.

**Түйін сөздер:** Еуроазиялық Экономикалық Одақ, кеңістік, интеграция, технологиялық әлеует, аймақ, инновация, мемлекетаралық агломерациялар, әдіснама, ресурстар.

Nadyrov Sh., Mylkaidarov A.

**Kazakhstan in the Eurasian economic union system: opportunities and risks**

In the article the processes of formation of the largest common market in the CIS, with huge production, scientific and technological potential and enormous natural resources of the Eurasian Economic Union (EEU). In this context, defines the place of Kazakhstan in the EEU, given the growth trends, the development of global processes and changes in the structure of world economic relations. On this basis, it is important to develop new methodology and research methods through the development of a spatial paradigm. The article substantiates the necessity of developing such a paradigm that should be based on the development of regional reconstruction of urban areas and the potential agglomerations, the relevant standards of the post-industrial countries. However, civilizational and technological disparities between the EEU countries do not yet allow to accelerate the economic integration processes, but if they are overcome, drawing on the rich resources of energy and strategic raw materials, the EEU able to make a breakthrough in socio-economic development. Here-with we are talking about spatial categories of the inter-state level similar to the Euroregions. In this case, the authors focus on the principles and features of formation not only of inter-state agglomerations, but also the network structures of the population in the border regions of Kazakhstan should be adequate to the Russian economic performance, but not to give them the degree of comfort and infrastructure saturation.

**Key words:** Eurasian Economic Union, space, integration, technological potential, region, innovation, interstate agglomeration, methodology, and resources.

Надыров Ш., Мылкайдаров А.

**Казахстан в системе Евразийского Экономического Союза: возможности и риски**

В статье рассматриваются процессы формирования крупнейшего единого рынка на пространстве СНГ с огромным производственным, научным и технологическим потенциалом, колоссальными природными ресурсами Евразийского Экономического Союза (ЕАЭС). В этой связи определяется место Казахстана в системе ЕАЭС с учетом тенденций роста, развития глобальных процессов и изменения структуры мирохозяйственных связей. Исходя из этого, актуальным является формирование новой методологии и методов исследования на основе разработки пространственной парадигмы. В статье обосновывается необходимость разработки такой парадигмы, которая должна быть основана на развитии возможностей региональной реконструкции территории городов и потенциальных агломераций, соответствующим стандартам постиндустриальных стран. Вместе с тем цивилизационные и технологические разрывы между странами ЕАЭС пока не позволяют ускорить процессы экономической интеграции, но если они будут преодолены, опираясь на богатейшие ресурсы энергоносителей и стратегического сырья, то ЕАЭС в состоянии сделать прорыв в социально-экономическом развитии.

**Ключевые слова:** Евразийский Экономический Союз, пространство, интеграция, технологический потенциал, регион, инновации, межгосударственные агломерации, методология, ресурсы.

**ЕУРОАЗИЯЛЫҚ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ОДАҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ  
ҚАЗАҚСТАН:  
МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН  
ТӘУЕКЕЛДІЛІГІ****Кіріспе**

Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуы Ресей, Беларусь, Қазақстан, сондай-ақ, Армения мен Қырғызстан елдерінің бірегей экономикалық кеңістіктегі экономикалық серіктестіктерінің оңтайлы әдісін жасау үдерісінің логикалық жалғасы болып табылады. Әлемдік тәжірибеде көрсетілгендей, оған қатысушылардың экономикалық, саяси, экологиялық және әскери-стратегиялық мүдделері салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бойы бір-бірімен сәйкес келгенде интеграциялық қарым-қатынастың кез келген формасы оң көрсеткішті береді. ЕАЭО-ның мақсаты ТМД аумағында ірі өндірістік және технологиялық әлеуеті және ғаламдық табиғи ресурстары бар ең ірі бірыңғай нарықты қалыптастыру. ЕАЭО-ға мүше елдердің негізгі технологиялық және экономикалық параметрлері бойынша Еуро Одақ (ЕО) деңгейіне жетуге мүмкіндіктері бар ма? Сонымен қатар, іс жүзінде, ЕАЭО-ға мүше барлық елдердің экономикалық құрылысы дамыған елдердің технологиялық құрылым деңгейінен артта қалатындығын есте сақтау қажет. Әрине, бұл Кеңес Одағының бірыңғай халық шаруашылығы кеңесінің бірлесуі нәтижесі болып табылады. Кеңес Одағы соңғы 25 жылда өз міндеттерін жоғалтып, посткеңестік кеңістікте экономикалық бірлесудің негізгі қағидалары мен әдістерін ретке келтіре алмады. ЕО-ның орнауы «Еуропалық көмір және болат бірлестігі» мен «Еуроатом»-нан басталып, осыдан кейін «Ортақ нарықты» қалыптастыру қажеттілігі туындады. Еуро Одақ елдері өз жұмыстарын неліктен Кедендік Одақтан бастамады? Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін саудаласатын тауар жоқ еді, сол себепті жалпы еуропалық экономикалық, технологиялық, сондай-ақ кеңістіктік конструкцияны жасамай тұрып олардың саудамен айналысулары екіталай болды.

ЕАЭО елдеріндегі интеграция ұстамына қарсыластар жеке тауарлар нарығының қысқа мерзімді мүдделерге шамадан тыс назар аударғанымен, ЕО елдерінде әрқашанда бірінші орында саналатын стратегиялық аумақтық және ғаламдық мүдделерді назардан тыс қалдырады. Біздің ойымызша, Қазақстан, осы байланыста ЕАЭО жүйесінде, ғаламдық үдерістердегі өсу және даму мүмкіндіктері мен әлемдік шаруашылық байланыс

құрылымының өзгерістерін ескере отырып, өз орнын анықтауы қажет.

### Зерттеудің материалдары мен әдістері

Қазіргі таңда ЕАЭО-ның экономикалық негізінде Ресей, Қазақстан, Беларусь елдері тұр. Олар ұзақ уақыт бойы экономикалық бірлесу бағытын ұстана отырып, Кедендік Одақтағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарын жетілдіру туралы келісімдерге қол жеткізді. Сондықтан авторлардың зерттеу еңбектерінің материалдары қазақстандық және шетелдік әртүрлі баспаларда басылған мақалалар мен монография түрінде жарыққа шықты.

Алайда, экономикалық интеграцияның сауда емес екендігін, постиндустриялық елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, оның бірыңғай аудандық және субаудандық міндет саласында ғылыми-технологиялық серіктестік екенін аңғарамыз. Дегенмен, экономикалық шоғырландырудың тиімді жақтары көп жағдайда екі ел арасындағы қақтығыстармен үйлеседі. Мысалы, Қазақстандағы ішкі нарықты, әлемдік қаржылық экономикалық дағдарыстың әсерінен, рубльдің құнсыздануынан және т.б. қорғау. Мұндай қақтығыстар әлі көптеп орын алады, өйткені елдердің экономикалық мүдделері өздерінің мүмкіндіктерімен үнемі сәйкес келе бермейді. Ал, ЕАЭО елдері ЕО-ның бастапқы кезеңдегі қателіктерін қайталай беретін болады. Бұл кезде даму үдерісі ХХ ғасырдың 50-жылдары ЕО аумағында қалыптасып жатқан микро-мезо және макро деңгейлердегі ішкі және мемлекетаралық қақтығыстарды жою барысында жүрді. Осымен бірге, Қазақстан ЕО құрамына кіретін посткеңестік елдер тәжірибесін ескеру қажет. Б.А. Гитер, Ф.Н. Янукович және т.б. ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес экономиканың дамуы көп жағдайда институциялық ортаның сапасымен анықталады (Гитер 2011: 134). Бұл эмпирикалық зерттеулер кезінде дәлелденді (Klein 2005: 65). Осыдан шығатын қорытынды, зерттеудің жаңа әдістері мен тәсілдерін кеңістіктегі парадигмасы негізінде қалыптастыру маңызды болып табылады. Мұндай парадигма, постиндустриялық елдердің стандартына сәйкес, қала аумағы мен агломерация әлеуеті аймақтық қайта құру мен даму мүмкіндіктеріне негізделуі қажет. Сонымен қатар, ЕАЭО елдері арасындағы өркениет пен технологияның бір-бірінен алшақтығы қазірше экономикалық бірлесу үдерісінің жылдам орнығуына мүмкіндік бермейді, бірақ,

егер бұл мәселелерден шығатын болсақ, онда энергия тасымалдаушы және стратегиялық шикізаттардың бай ресурсына сүйене отырып, ЕАЭО-ның әлеуметтік-экономикалық дамуында үлкен өзгеріс жасауға болады. Мұнда еуроаумақтарға ұқсас мемлекет аралық деңгейдің кеңістіктегі санаты туралы айтылып жатыр. Сонымен қатар, мемлекетаралық агломерация қағидалары мен ерекшеліктерін қалыптастыру ғана емес, сонай-ақ Ресей мен Қазақстан шекара аумағындағы халықты орналастырудың желілік құрылымы ресейлік экономикалық көрсеткіштермен сәйкес болу керек және де қолайлылық пен инфрақұрылымдық деңгейінен қалып кетпеуі керек. Бұл, әсіресе, екі ел аумағы шекарасындағы ұсақ және орта қалашықтар үшін өте маңызды болып табылады. Тек бұл жағдайда агломерациялар инновацияның, капиталдың, жаңа технологияның, тауар өндірудің полиорталық кеңістігінің және әлемдік қызмет көрсету деңгейінің центрі болуы мүмкін. Біздің көзқарасымыз бойынша 2015 ж. ішінде интеграциялық байланыстар өте тығыз болуы, ал 2020-2030 ж. аралығында мазмұны бойынша олардың экономикалық байланыс деңгейі тығыз болуы керек. Сонымен бірге, Қазақстан мен Ресейдің бірлесулік стратегиясы экономикалық ортаның үйлесімділігі негізінде бірлесулік шоғырландыру үдерісіне жағдай жасауы тиіс. Соны ескере отырып, Қазақстан мен Ресей арасындағы бірлесу өткен ғасыр соңында жоғары қарқынды даму көрсеткіштеріне ие мемлекеттермен құрылған біріктірілген территориялық құрылым құру мақсатын алға қойған, біріккен агломерацияны қоса экономикалық ортаның бірізділігі негізінде интеграциялық үдерістердің бірігуіне үлесін тигізуі тиіс.

Жаһандық экономиканың қауіптеріне тосқауыл бола алатындай аумақтық кластерлер мен бірегей мемлекет басым үлеске ие болып, аздаған үлестер халықаралық компанияларға берілетін ҰТК-ға тігінен біріктірілген үлгідегі шаруашылық құрылымдарды құру қарастырылуы тиіс. Сұрақ, ЕАЭО мемлекеттері өз алдына халықаралық экономикамен бірлесу жүргізбей бұл қиындықтарды шеше алады ма? ЕО мемлекеттері тарапынан технологиялық тәуелділік ЕАЭО құрылуын қаншалықты тежей алады? ЕО қазақстандық және ресейлік энерготасымалдаушылар мен басқа да стратегиялық шикізаттарсыз қалыпты өмір сүре алады ма? ЕО және ЕАЭО мемлекеттері еуразиялық кеңістіктік даму негізінде қаншалық құқықтық алаңын құруға дайын.

Сонымен қатар, Қазақстанда әлі күнге дейін мемлекеттің маңызды инфрақұрылымдар мен табиғи байлықтарды оңтайлы пайдалану негізінде жоспарлаудан және жоспарды орындауға дейінгі тиімді басқарудың әр деңгейін кіргізетін кеңістіктік құрылуының көп деңгейлі жалпы мемлекеттік үлгісі құрастырылмады. Сонымен қатар, мемлекеттік әдістемелік құрал-жабдықтар, ғылыми қарқынды даму болашағы геоурбанистиканың әлемдік тәжірибелерін қолданған шекаралық қалалардың бас жоспарларын қолданып, агломерациялар құру бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. Осы негізде бізбен Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарының негізінде аумақтың кеңістіктік орналасуындағы қиындықтарды шешу үшін қарқынды жұмыстар орындалды (Нугербекова 2008а: 78).

### Тәжірибелік бөлім

Қазақстан солтүстік-батыс, солтүстік және шығысында экономикалық салада дамыған және тығыз байланысқан Ресей Федерациясының технологиялық-өндірістік шекарасы бойынша дамыған Орал, Батыс-Сібір, Еділ бойы экономикалық аудандарымен 6023 км-ден астам аумақпен шектесіп жатыр. Шекараның бұл аумағы сыртқы экономикалық қатынастардың дамуына қолайлы. Бұл аумақтың экономикалық-географиялық орналасуының айырмашылығы байланыс тораптарының шоғырлануы, айта кетсек: темір жол, автомобиль, өзен және құбыр жолы. Осының барлығы кеңес дәуірінен-ақ мемлекетаралық, салааралық технологиялық-өндірістік кешендердің құрылуына алып келді (МСТК).

Ресей мен Қазақстанның шекаралық аумақтарының экономикалық бірлігі бүгінгі таңда да сақталып тұр. Мысалы, Орынбор, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қостанай облыстарының экономикалық инфрақұрылымы жақында ғана аумақтық-географиялық қарым-қатынаспен, сонымен қатар технологиялық инфрақұрылыммен байланысқан еді. Заманауи деңгейде шекаралық серіктестік мәселелерін су жаңа құқық пен ұйым негізінде шешу қажеттілігі туындады (Башмаков 2005: 39). ЕО-ның еуроаумақтарындағы құрылым түрлері сай келетін шекаралас аумақтардың экономикалық интеграцияның, Ресейден инновациялық технологияларды ЕАЭО-ның басқа мемлекеттеріне тасымалдану мүмкіндіктері қаншалықты? Бұл үшін, біздің ойымызша, ЕО-дағы Германияның басты біріктіруші рөлін алғандағыдай Ресейдің өзіне біріктіруші рөлін

алуы, сонымен қатар, ЕАЭО мемлекеттерінің саяси, экономикалық-әлеуметтік үдерістер тетіктерін басым үлесте мемлекеттік және аздаған үлесте халықаралық компанияларға қарайтын ұйымдастыру мүмкіндігін бағалау міндетті.


Әрине, ресейлік аймақтардың аумақтық-кеңістіктік құрылымдары Қазақстанның шекарасы периметрі бойымен болашақта үлкен өндірістік күш-қуатқа ие бола тұра, өзіне сіңістіріп жібермесе де оларды тәуелді етіп қоя алады.

Әрқашанда ірірек құрылым ұсақ немесе әлсіз құрылымдарды өзіне қосып алады, я болмаса өзінің мүддесіне қарай өзгертеді. Қазіргі таңда шикізат пен материалды экспорттау Қазақстан үшін тиімді болып отыр. Дегенмен осы үрдісті сақтау барысында алдағы уақыттарда Қазақстан шикізатын экспорттаумен қатар жұмыс орындарын тасып әкететін болады, яғни солтүстік Қазақстанның өндірістік әлеуеті Ресейдің көршілес аумақтарына көшіріліп жатыр (Нугербекова 2008б: 96). Егер экономикалық даму осы бағытта жалғаса берсе қандай шешім қабылдау қажет? Оның жауабы әлемдік тәжірибеден ала отырып біреу ғана деуге болады. Қазақстанның ұдайы өндірістік құрылымының сапалық параметрлері ең алдымен ресейлік шекара аумақтарының периметрі бойынша Ресейден жоғары болуы тым құрығанда онымен тең болуы тиіс. Ал, бұған қалай қол жеткізетініміз бөлек мәселе болып табылады.

Тауар айналымының көлемі мен құрылымының көп мөлшерде азаюындағы басты рөлді екі жақты қатыныстың саяси сипатқа ие болуы, технологиялық байланыстардың үзілуі, сыртқы экономикалық байланыстардың ТМД-дан сыртқы мемлекеттермен жүргізілуі атқарды. Бұл белгілі деңгейде серіктестермен байланысты негізге алатын сыртқы факторлардың әсеретуімен келісілді. Мұндай болып БВҚ, ХБ, КҚЖДБ, ТҰК-тар қатары, сонымен қатар, сыртқы тауар тасымалдаушылар мен қызмет көрсетушілер, сыртқы тұтынушы, бәсекелесуші-аумақтар, қаржы ұйымдары, көліктік кәсіпкерліктер жатады. Соңғылар іс-әрекеті олардың бірте-бірте әлемдік экономика үшін шикізат көзіне айналушы болып табылатын ҚР мен РФ үшін де қарқындылығының үдемелі дамуына алып келді. Негізінде Қазақстан мен Ресей жоғары қарқынды дамыған сауда-экономикалық серіктестерімен тепе-тең серіктестікке дайын болмай шықты. Қазіргі уақытта интеграция мерзімін саясидан алғашқы кездердегі экономикалық, ғылыми-техникалық интеграция негізіне ауыстыру сипаты

бар. Сөзсіз, Қазақстан-ресейлік және Ресей-қазақстандық экономикалық байланыстар құндылығы және даму болашағы бойынша тек екі мем-

лекет арасында ғана емес, сонымен қатар, ЕАЭО мемлекеттері арасындағы технологиялық-өндіруші жүйеде маңызды элемент болып табылады.



1-сурет – ҚР территориясына геосаяси ықпалдылық аймағы

Сонымен қатар, қазақстандық кәсіпорындарды аса қуатты ресейлік компаниялардың өзіне қосып алу мүмкіндігі қауіп туралы сұрақ туындауы мүмкін. Ал, әлемдік тәжірибеде мұндай үрдістер жиі кездеседі. Екі елдің аумақтық және салалық құрылымының экономикасы өзара толықтыру және өзара енуі қандай жағдайда жалпы ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық мәселелермен байланыста болады? Әрине, Қазақстан мен Ресейдің экономикалық әлеуетінің әртүрлі деңгейлері бір жақты тиімділікке немесе тепе-теңдіктің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін. Тепе-теңдікке экономиканың жетекші салаларының өндірістік құрылымдарының сапалық параметрлерінің мәндері бірдей немесе ұқсас болған кезде ғана қол жеткізуге болады. Мұндай сапалық параметрлерге еңбек өнімділігі, қор қайтарымы, капитал сыйымдылығы, банк пайызы, қаржы нарығы және т.б. жатады. Осылайша, РФ мен ҚР аумақтары шеңберінде ғана емес, сондай-ақ елдер ішінде де салауатты бәсеке негізінде кеңістіктік дамудың негізгі қағидаларын анықтау қажет (Надыров 2009: 181).

Елемеуге болмайтын қандай әлеуетті тәуекелдер бар. Посткеңестік елдердің тәуелсіздік дамуының барлық жылдарында ШЫҰ мен Кедендік Одақтан (КО) басқа аймақтық бастамалардың ешқайсысы жүзеге аспады (Надыров 2014: 176). Себептеріне, экономикалық дамудың және технологиялық құрылыстардың әртүрлі деңгейде болуы, сондай-ақ ел экономикасы құрылымындағы айырмашылықтар және өткен жиырма бес жылдағы халықтың ділдік өзгерісі жатады. Халықтың көп бөлігі қаржылық-экономикалық дағдарыстың күшейген әрі созылған жағдайында әлеуметтік-экономикалық мәселелер туындағанда бірлесулік бастамаларға қарсы шығып, қойылған мақсаттарға жету тәуекелін жоғарылатады. Сонымен қатар, елдердің ЕАЭО-ға кіруге ұйытқы болған себептері негізделеді.

Бұл жағдайда Ресейдің ЕАЭО елдері үшін мемлекет ретінде, экономикалық, технологиялық, гуманитарлық, интеллектуалдық серіктес ретінде тартымды болуы талап етіледі, яғни, бұл жағдайлар ЕАЭО-ға мүше елдер мүдделеріне

қарсылық тудырмайтын экономикалық одақ құруға мүмкіндік береді.

### **Зерттеудің бастапқы деректері мен әдістері**

Біздің ойымызша келесілер жатады:

1) экономика мен технологияны дамытуда әлемдік орташа деңгейден асатын көрсеткіштерге қол жеткізу;

2) әлемдік технологиялық тізбекке жаңашыл технология бойынша кірігу;

3) ресейлік, қазақстандық және ЕАЭО-ның басқа елдерінің университет аясындағы мемлекетаралық агломерация шеңберінде әлемдік деңгейдегі ғылым-біліммен қамтамасыз етілдіретін бірлескен жоғары технологиялық ТҰК құру;

4) ЕАЭО елдерінің инновациялық технологияларына деген сұранысты зерттеу бойынша бірлескен ақпараттық-сараптама орталықтарын ұйымдастыру;

5) бір елден басқа елдің аумақтарына жаңашыл технологияларды көшіру механизмінің болуы; Қазақстан Республикасы тарапынан аймақ аралық (бірінші кезекте Ресеймен) және халықаралық аумақтық еңбек бөлінісіне қатысудың оңтайлы параметрлерін анықтау.

Осы әдістер мен қағидалардың жұмыс жасауы үшін инновациялық үдерістің жұмыс істеу алғышарттары мен жағдайлары қажет. Инновациялар ғылыми-техникалық прогрестердің (ҒТП) нәтижесі ретінде көрінетіндіктен, олармен тығыз байланыста болады. ҒТП – өндірістің еңбек өнімділігінің жоғарылауы қоршаған ортаның жаңа заңдылықтарын, құбылыстары мен ерекшеліктерін ашу арқылы өндіріс пен технологиялық құралдарды жетілдіру есебінен қамтамасыздандырылатын басты факторы болып табылады.

ЕАЭО елдерінің кемшілігіне, Ресей мен Беларусь елдерінің кейбір аумақтарын санамағанда, ірі өнертабысты ойлап шығару және технологияның жаңа бағыты мен дәуірінің құрылуының негізі болуы тиіс басты инновациялардың болмауы жатады. Ғылыми-технологиялық айналым сатысының тұрақты дамуы мен таралуында ұсақ және орта өнертабысты шығаратындар үшін инновацияның жақсаруы мүмкін емес. Жалған инновациялық орындар үшін бұл мүмкін болуы шамалы, бірақ олар не қоғамдық орта үшін әсер бере алмайды, не нашар көрсеткішті көрсетеді (Надыров 2013: 34).

Бұл жағдайда ҚР мен РФ арасындағы бірлескен агломерацияның құрылуы экономиканың

қайта құрылуына шынайы негіз болып табылады (Надыров 2015).

ҚР мен РФ аумағындағы шекаралық индустриялық нысандардың кеңістік дамуы үшін бірлескен агломерацияның құрылуы Қазақстанның қоржынына мықты экономикалық дамуды, Ресей нарығын терең ұғынуды және де экономикалық қауіпсіздік зонасын алып келеді. Бұл қазақстандық-ресейлік қарым-қатынаста ең бастысы болып табылады. Себебі, бұл жағдай Қазақстанның өмірлік мүддесінің Еуразиялық континентте ұлғаюын және адамның тіршілігі үшін қолайлы саясат болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанның аймақтық ғылымының алдында аумақты тұрақты кеңістіктік дамытуда жаңа қиын мәселелер тұр. Бұлар олардың тіршілік мүдделерінің белдеуін әлемдегі геоэкономикалық және геосаяси жағдайды ескере отырып кеңейтуге бағытталған. Келесідей қиын мәселелер тұр: біріншіден халықаралық үрдістерге қатысуға әлеуеті бар шекаралық аймақтарды дамыту, екіншіден трансшекаралық ресурстарға тәуелділігі, инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі және экономикалық даму деңгейімен шартталған бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету қажет. Мұндағы басты мәселенің мәні мынандай, Қазақстанда ЕАЭО-ның көптеген аумақтарында кеңістіктік аумақтық ұйымдастырудың бірегей формасы болатын агломерация құрылуының мүмкіндігі. Өйткені Қазақстан үшін аумақтың жинақы болмауы, халық тығыздығы төмен, зияткерлігі және инновациялық вакуумның кең аумақтары тән болып табылады.

### **Қорытынды**

1. Бірыңғай Ресей-Қазақстан технологиялық аумағының құрылуы ЕАЭО-ның қалыптасуына көрсеткіш бола алатыны дәлелденді.

2. Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің шекаралық бірлесуі қазақстандық-ресейлік параметрлерге сәйкес ЕАЭО-ның құрылымын қалыптастыратын одақ болып саналатыны бекітілді.

3. ҚР мен РФ арасында ортақ агломерация құру кеңістіктік бірлесудің негізі болып, қорытынды нүктесін қоюы мүмкін.

4. Мемлекетаралық агломерациялардың инновация, капитал, технология, тауар өндірісі мен әлемдік деңгейдегі қызметтердің полиорталықтық кеңістігі болатыны дәлелденген.

### Әдебиеттер

- 1 Гитер Б.А., Янукович Ф.Н. Социально-экономические факторы интеграции стран с переходной экономикой в Европейский союз. Глобальная социально-экономическая география // Сборник научных трудов памяти Н.В. Алисова / под редакцией Н.А. Слукки. – М.-Смоленск, 2011. – С. 134-145.
- 2 Klein M. Capital Account Liberalization, Institutional Quality and Economic Growth: Theory and Evidence // NBER Working Paper. 2005. № 11112.
- 3 Пространственная организация территории и расселения населения Казахстана до 2030 года / под ред. С.Н. Нугербекова, Е.У. Темирханова, Ж.К. Бопиевой, С. М. Касымова и Ш.М. Надырова. – Астана-Алматы: АО «Институт экономических исследований», 2008. – Т. 1. – 300 с.
- 4 Башмаков А. Межрегиональное и приграничное сотрудничество Казахстана и России // Саясат. – №1. – 2005. – 39 с.
- 5 Надыров Ш.М. Подходы и методы прогнозирования основных форм пространственной организации территории Республики Казахстан //Алматинский филиал негосударственного образовательного учреждения высшего профессионального образования. «Санкт-Петербургский гуманитарный университет профсоюзов»: халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары 21 қаңтар 2009 жыл. – Алматы, 2009. – С. 181 -187.
- 6 Казахстан в системе региональных и геополитических трансформаций в Центральной Азии: монография / под ред. Ш.М. Надырова (Ю.О. Булуктаев, Г.Н. Нюсупова, А.А. Токбергенова, А.Т. Мылқайдаров и др.). – Алматы: Издательство «МИР», 2014. – 176 с.
- 7 Надыров Ш.М. Методология пространственной организации хозяйства и социально-экономические факторы интеграции Казахстана и России в рамках Таможенного Союза // Международный научный и литературно-художественный альманах «Медный всадник» № 1 (7). – Алматы, 2013. – С. 34-39.
- 8 <http://ural-eurasia.ru> Выступление Надырова Ш.М. на 5-м заседании экспертного клуба ЭК «Урал-Евразия», УРФУ. – Екатеринбург, 2015.

### References

- 1 Giter B. A. (2011) Yanukovych Fn. Socio-economic factors of the integration of transition economies into the European Union. Global socio-economic geography. //Collection of scientific works of the memory N. In. Alisova. Edited by N.. Sluki. Moscow – Smolensk, pp. 134-145.
- 2 Klein M. (2005) Capital Account Liberalization, Institutional Quality and Economic Growth: Theory and Evidence // NBER Working Paper. No. 11112.
- 3 Spatial organization of territory and resettlement of the population of Kazakhstan till 2030 //Under the editorship of S. N. Nugerbekov., W. E. Temirkhanova, J. K. Bopieva, S. M. and sh. M. Kasymov Nadirov (2008) – Astana –Almaty: JSC «economic research Institute», – volume 1, – 300с.
- 4 Bashmakov A. (2005) Interregional and border cooperation of Kazakhstan and Russia. W/ Sayasat, No. 1, p.39.
- 5 Nadyrov Sh. M. (2009) Approaches and methods of forecasting the basic forms of the spatial organization of territory of Kazakhstan // Almaty branch of nonstate educational institution of higher professional education. «Saint-Petersburg humanitarian University of trade unions». Materials of international scientific-practical conference 21 January 2009. Almaty, pp. 181 -187.
- 6 Kazakhstan in the system of regional and geopolitical transformations in Central Asia: Monograph / (under the editorship Sh. M. Nadyrov (Y. O. Buluktaev, G. N. Nusupova, A. A. Tokbergenova, A. T. Mylkaidarov)(2014) Almaty: Publishing house «MIR», 176 p.
- 7 Nadyrov Sh. M. (2013) Methodology of the spatial organization of the economy and socio-economic factors of the integration of Kazakhstan and Russia within the Customs Union//international scientific and literary almanac «the bronze horseman» № 1 (7), Almaty, pp. 34-39
- 8 <http://ural-eurasia.ru> Speech Nadirov Sh. M. at the 5th meeting of the EC expert club «Ural-Eurasia», the Ural Federal UNIVERSITY, Ekaterinburg, 2015.